Қамқоршылық кеңесі отырысының
№1 хаттамасы

Өткізілген уақыты: 16.05.2020 жыл

Өткізілген орны: Акт зал

Отырыстың басталуы: 19.00 сағ.

Отырыстың аяқталуы: 20.00 сағ.

Отырыстың төрағасы: Искаков Б.М.

Қатысқандар: Мектеп директоры – С.Б. Нугуманов

Мектеп әкімшілігі

Қатыспағандар: Жоқ

Күн тәртібінде

1. Мектеп директорының есебі
2. «Қамқоршылық кеңесі» мүшелерінің атқарған жұмысының есебі

Тыңдалды:

1. Бірінші сөз кезегін мектеп директоры С.Б. Нугуманов сөз алды. Мектептің жобаларына толықтай тоқталып, мақсаты мен міндеттерін айтты. (қосымша есебі тіркелінді)

Төмендегі ұсыныстарды айтты:

1 Маусым айында мектеп 1-11 сынып оқушылары үшін «Жазғы мектеп» алаңы ұйымдастырылады.

2 «Арман» лагері жазғы демалыс уақытында ұйымдастырылады.

3 Жазғы демалысты азқамтылған көпбалалы отбасындағы балалар үшін тегін ұйымдастырылады.

2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Искаков Б.М. «Қамқоршылық кеңесі» құрамын ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік Ережелерінің» негізінде мектепте көрсетілген қайырымдылық көмектің ұйымдастырылып, жұмыс өз деңгейінде атқарылды. Еліміздің болашағы – балалар демекші, жыл бойы мектеп ұйымдастырған және бірігіп ұйымдастырылған іс-шараларды өткіздік. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларға көмек көрсетілді. Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстарына тоқталатын болсақ, Алға

орта мектебінде 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жылдық жоспарына сәйкес, облыстық білім басқармасының 2016 жылғы 25 шілдедегі №02-2620 хатын орындау мақсатында «Менің таңдауым-балаларға көмек көрсету!» ұранымен «Мектепке жол» акциясы өтті.

Республика көлемінде өтіп жатқан « Мектепке жол » акциясына қатысып, көптің алғысын алып, құрметке бөленіп жүрген азаматтардың бары көңіл қуантады. Акция барысында қиын жағдайға тап болған отбасылардың балаларына әлеуметік көмек көрсетілді.

2019 жылдың 27 қазанында мектепте «Қамқоршы күні» мерекесі аталып өтті. Бұл шараның негізгі мақсаты – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды тәрбиелеу міндеті жүктелген қамқоршыларды қолдау болып табылады. «Бақытты балалық шақ» атты оқушылардың жеке фотогалереясы өтті.

3. Мектепте «Туған мектепке тағзым» атты акция өтті.

Қамқоршылық кеңесі отырысының шешімі:

1. «Қамқоршылық кеңесі» жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Демеушілер мен меценаттарға қатынас хаттар таратылып, жұмыс күшейтілсін.
3. 2019-2020 оқу жылының соңғы аптасын «Денсаулық» аптасы деп жариялансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Искаков Б.М.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы: Асетова Г.Р.